

Қазақстан Республикасында жүргізілетін, басталған, жалғастырылып жатқан және аяқталған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 наурыздағы N 198

Ескерту. Тақырыбы мен мәтінінде "жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстардың, "жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар", деген сөздер тиісінше "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды", "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 921 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ғылыми-техникалық ақпарат алмасуды, елдің ғылыми-техникалық әлеуетінің жай-күйін талдауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасында жүргізілетін ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстардың негізінде арнаулы ақпарат қорларын құру, зерттеулер мен әзірленімдердің қайталануын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жүргізілетін, басталған, жалғастырылып жатқан және аяқталған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бір ай мерзім ішінде Тәртіпті іске асыру үшін қажетті нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды әзірлесін және бекітсін, мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар туралы ақпараттық құжаттардың мемлекеттік қорын құруды және орындаушы-ұйымдардың жүргізіліп жатқан және аяқталған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар туралы мәліметтерді уақтылы ұсынуына бақылау ж а с а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Республиканың мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды

орындайтын министрліктері, ведомстволары және ұйымдары 1998 жылдың ақпаннан бастап мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында қажетті құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.20. N 929 қаулысымен .

4. Салааралық ақпарат ғылыми-техникалық орталығы жыл сайын есептіден кейінгі жылдың бірінші тоқсанында, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, сондай-ақ олардың өз функциялық міндеттерін атқаруына байланысты министрліктер мен ведомстволардың сұратуы бойынша мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар, елдің бұл саладағы ғылыми-техникалық әлеуеті туралы есепті жылғы Мемлекеттік қордың ақпараттық құжаттармен толығына талдаумен және Қазақстан Республикасында мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар тақырып бойынша зерттеулер мен әзірленімдерді орындау жөніндегі жұмыстарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстармен қоса анықтамалар ұсынсын. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 921 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1998 жылғы 11 наурыздағы

N 198 Қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында басталған, жалғастырылып жатқан және аяқталған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің

ТӘРТІБІ

Ескерту. Тақырыбы мен мәтінінде: "жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды", "жабық ҒЗТҚЖ" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды"

; "құпиялы ҒЗТКжЖТЖ" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 921 қаулысымен , мәтін бойынша "САҒТО" деген аббревиатура "ҚР ҰҒТАО" деген аббревиатурамен ауыстырылды - 2005.09.20. N 929 қаулысымен .

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды (бұдан әрі - ҒЗТКжЖТЖ) орындаудың барлық кезеңдерінде тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға, олар бойынша есеп құжаттарын ұсынуға және Қазақстан Республикасында жүргізілетін құпиялы ҒЗТКжЖТЖ туралы ақпарат дайындауға бірыңғай талаптарды белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының барлық ұйымдары орындайтын қаржыландыру бюджеттің қаражатын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын жабық ҒЗТКЖ міндетті тіркеуге жатады .

3. Құпиялы ҒЗТКжЖТЖ мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" (бұдан әрі - ҚР ҰҒТАО) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жүктеледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 921 , 2005.09.20 . N 929 қаулыларымен .

4. Осы Тәртіпте көзделген барлық тіркеу және есеп құжаттары СА ҒТО-ға тегін ұсынылады. Оларды дайындауға және жөнелтуге байланысты шығындар ҒЗТКжЖТЖ жүргізуге арналып бөлінген қаражаттың есебінен атқарушы ұйымдарға жүктеледі.

5. Тіркеудің негізінде ҚР ҰҒТАО Қазақстан Республикасында жүргізілген құпиялы ҒЗТКжЖТЖ туралы автоматтандырылған деректер банкін жүргізеді, белгіленген тәртіппен жүргізіліп жатқан және аяқталған ҒЗТКжЖТЖ туралы, сондай-ақ атқарушы ұйымдар туралы ақпараттарға рұқсат етілуін қамтамасыз етеді.

6. Құпиялы ҒЗТКжЖТЖ тіркеу және олар бойынша есепті құжаттар ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бекіткен тіркеу және ақпараттық карталардың нысандары, сондай-ақ оларды толтыруға және есептік құжаттарды ресімдеуге талаптар пайдаланылады.

II. ҒЗТКЖ тіркеу

7. Тікелей орындаушы ұйым жабық ҒЗТКЖ тіркеу үшін ҚР ҰҒТАО-ға жұмысты қаржыландыру басталған сәттен бастап 30 күннен кешіктірілмейтін мерзімде екі данада белгіленген үлгідегі тіркеу картасын жолдайды.

ҒЗТКжЖТЖ бірнеше ұйым жүргізген кезде (кешенді жұмыстар) әрбір атқарушы ұйым ҚР ҰҒТАО-ға жұмыстың дербес орындалатын бөлігіне тіркеу картасын жолдайды .

ҚР ҰҒТАО тіркеу картасы бойынша жұмысқа тіркеу нөмірін береді және 20 күндік мерзімде тіркеу картасының бір данасын атқарушы ұйымға жолдайды.

Атқарушы ұйым тіркелген жұмыстағы өзгерістер туралы мынадай: жұмыстың аяқталу немесе тоқтатылу мерзімі өзгерген (жазбаша хабарлама жіберіледі);

жұмыстың атауы өзгерген (атқарушы қайтадан ресімдеген тіркеу картасы жолданады) жағдайларда 30 күндік мерзім ішінде ҚР ҰҒТАО-ға хабарлауға міндетті. ҚР ҰҒТАО аталған жұмысқа бір мезгілде бұрынғы нөмірді жою арқылы жаңа тіркеу нөмірін береді.

III. Есептік құжаттарды ұсыну

8. Тіркелген ҒЗТКжЖТЖ атқарушы ұйым жұмыс (немесе оның кезеңі) аяқталған сәттен бастап 30 күннен аспайтын мерзім ішінде ҚР ҰҒТАО-ға белгіленген үлгідегі ақпараттық карта жолдайды.

Кешенді жұмыс аяқталғаннан кейін барлық атқарушы ұйымдар (бас ұйым және қоса атқарушы ұйымдар) ҚР ҰҒТАО-ға дербес орындалған бөліктер (кезеңдер) жөнінде ақпараттық карталар ұсынады.

9. Аяқталған ҒЗТКжЖТЖ (немесе оның кезеңі) туралы ғылыми-техникалық есепті атқарушы ұйымның басшысы бекітеді және ол осы ұйымның бірінші бөлімінде сақталады.

ҒЗТКжЖТЖ туралы ғылыми-техникалық есеп ҒЗЖ туралы есепті ресімдеудің құрылымы мен ережесін регламенттейтін ұлттық стандарттың (МЕМСТ 7.32-91) талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

10. Дұрыс ресімделмеген тіркеу және ақпараттық карталарды ҚР ҰҒТАО қайтарудың объективті себептерін көрсете отырып, түзету үшін атқарушы ұйымға қайтарады.

Атқарушы ұйым қайтарылған құжаттарды алған күннен бастап 20 күннен кешіктірмей оларға түзету енгізуге және ҚР ҰҒТАО-ға қайта жіберуге міндетті.

ҚР ҰҒТАО-ға ұсынылатын құжаттардағы мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы, материалдарды ресімдеудің сапасы үшін атқарушы ұйым жауапкершілікте болады.

11. ҚР ҰҒТАО-да диссертация қорғалған мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар тақырыптар бойынша диссертацияның белгілі үлгідегі есеп карточкасы (ДЕК) ұсынылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 921 қаулысымен.

12. Тіркелген құпиялы ҒЗТКжЖТЖ туралы мәліметтерді ҚР ҰҒТАО заңдарға сәйкес тапсырысшыларға ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК